

Жаһандық сын-қатерлер аясындағы адами құндылықтар және Қазақстан халқы бірлігі

Қазақстан әлем халықтарына халықаралық қатынастардағы өзара сенімді қалпына келтіруге, халықаралық құқықтың негізінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтын бірегей мемлекет ретінде танымал. Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстан тарихының өткені де, бүгінгісі де көрші Қытай, Таяу және Орта Шығыс Азияның басқа да бөліктерімен байланысты. Мұзды мұхит жағалауларынан Жерорта теңізіне дейінгі жерді мекендейтін түркі халықтарымен тілдік және мәдени жақындықтар өз алдына. Ортақ бабаларымыз бен батырларымыз, ортақ рухани байлықтарымыз болған – Ұлы түркі елін Президент Н.Ә. Назарбаев, осы халықтардың бірлескен ұлы мұрасы ретінде тұжырымдаған болатын [1]. Тарих көшіндегі бірлескен жол – Ресей халықтарымен жүздеген жылдарға созылғанғанын ешкім жоққа шығармаса керек-ті. Қазақстанның басты ұстанымы – көрші елдермен арадағы достық пен сенім, әлемнің бүкіл елдерімен ізгілікті қарым-қатынас. ХХІ ғасырда жаһандық дамуға үлес қоса, әлемдік қауымдастыққа танымал. Мұның заңдылығы дәстүрлі қарым-қатынастарды ежелгі Ұлы Дала елінің бүгінгі ұрпағы жалғастыруда. Осыған қоса Қазақстан көпұлтты және көп дінді ел бола отырып, толеранттық және ұлтаралық келісім идеяларын басшылыққа алуда. Оның нақты мысалы, Астана қаласының әлемдік діндер жетекшілерінің съездері тұрақты түрде өтетін мекенге айналуы. Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры да оңай жолмен бекіген жоқ. Әлемдегі ең дамыған елдердің тәжірибесі зерделеніп, дамудың жаңа моделі – «Қазақстандық жол» өмірге келді. Халықтың ынтымағы мен бірлігінің нәтижесінде, нарықтық экономикаға негізделген жаңа экономикалық жүйе құрылды.

Нәтижесінде, тәуелсіздік жылдарында елдің ішкі жалпы өнімі 24 есе өсіп, оның жан басына шаққандағы үлесі 13 мың долларға жетті. Бұл – орта кіріс бар елдің көрсеткіші. Кедейшілік деңгейі 20 есе қысқарды. Жүздеген мектептер мен ауруханалар салынды. Ел экономикасына 200 миллиард доллардың тікелей шетелдік инвестициялары тартылып, бұл бағытта ТМД елдерінің ішінен жетекші орынға ие болды [2]. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті», «Бесінші жол» еңбектері жарияланып, мемлекеттің «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламалары әзірленіп, қабылданды. Қазақстанның шетелдік сарапшылар мойындап отырған іс-қимылдарының бірі – дағдарысқа қарсы іс-шаралары. «Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» бағдарламасы бойынша ел ауқымында инфрақұрылымдық сапа жасау жөнінде әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің құрамына кіруге бағытталды. Оның аясында жұмыс орындары ашылды. Адамның өмір тіршілігі сапасын арттыратын теміржолдар, көпірлер, электр желілері, мектептер, ауруханалар, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық нысандары және жаңа тұрғын үйлер. Өңірлердің әлеуметтік-демографиялық ахуалын дамыту да басты міндеттердің бірі. Мемлекеттік индустриалдық-инновациялық бағдарлама мен «Нұрлы Жол»

бағдарламасы – жаңа экономика мен инфрақұрылымның жаңаша келбетін қалыптастыруға негізделген. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды.

Әрбір ұлттың құндылығы – тілі мен мәдениеті, рухани байлығы. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ата-бабамыздың асыл мұралары жинақталды. Жаңашыл өнер ордалары Бейбітшілік пен келісім сарайы, Орталық концерт залы, Астана опера және балет театры, Спорт сарайы, Ұлттық музей ғимараттарын салып, ұлт мәдениетінің әлемдік өркениет биігінде дамуы үшін қызмет атқаруда. Қазақстан тарихына қатысты мұрағат деректері, бабалар сөзі, тарихтың ақтаңдақ беттеріне қатысты материалдар мен құжаттар жинақталды. Кітаптар мен оқулықтар, оқу құралдары шығарылды. Тәуелсіздік жылдарында 1300-ге жуық мектеп, 1250-ге жуық денсаулық сақтау нысанын, тағы 4 мыңнан астам балабақша салынды, халықтың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жетті [3]. Азаттықтың алғашқы жылдарында әзірленген «Болашақ» бағдарламасы үздіксіз білікті мамандар даярлауға ат салысты. Оның түлектері басқару ісіне араласуда. Республика аймақтарында орта білім беру «Зияткерлік мектептері» ашылды, Әлемдік деңгейдегі стандарттарға сай «Назарбаев университеті» жас түлектердің болашағы үшін қызмет атқаруда. Аграрлық сала бойынша Қазақстанда алдыңғы қатарлы өңірлік зерттеу және білім беру орталығын құруда үздік халықаралық серіктестермен жұмыс атқарылуда.

Қазақстан халықтарының бірлігі нәтижесінде сыртқы қатер-сындарға қарсы тұра алды. Ел ішіндегі этносаралық бейбіт қатынастардың дамуы, мемлекеттің халықаралық ықпалдастығын арттыруда мыңызды рөл атқаруда.

Сарапшылардың мәліметі бойынша, соңғы 10-12 жылда терроризмнің қауіп-қатерлері жаһандық деңгейде өсіп келе жатқаны байқалады. Әсіресе, 2005 жылдан бері бұл құбылыстың артуы 10 есеге дейін жетіп отыр. Егер 2005 жылға дейін жылына әлем бойынша 200-300 ары кеткенде 500-600 террористік актілер орын алған болса, 2005 жылдан бастап бұл көрсеткіш күрт өсіп, жылына 10 мыңнан астам оқиғалар тіркеліп жатыр. Бұл әлем бойынша белең алып отырған құбылыс. Сөйтіп, бүгінгі терроризм әлемнің барлық мемлекеттеріне қауіп төндіріп отырған жаһандық факторлардың біріне айналған. Мұндай қимылдарды саясаттанушы Ерлан Қарин былайша сараптайды: «Терроризм – бұл идеология емес, керісінше белгілі бір мақсат пен міндетке қол жеткізу үшін жасалатын нақты іс-әрекеттер жиынтығының стратегиясы. Бұған мысал да аз емес. Мәселен, кейбір радикалды террористік топтар өздерінің идеологиялық платформасын оп-оңай-ақ ауыстырып отырған. Тіпті, бір террористік топ 25 жыл ішінде өзінің идеологиялық тұжырымдамасын радикалды түрде 5 мәрте ауыстырған» [4].

Ел қауіпсіздігін сақтауда Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы жанжалдарды болдырмауға, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту мен қолдануға негіз қалаушы көзқарастар жүйесін білдіреді.

Қазақстан өзінің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуді демократиялық, құқықтық мемлекетті дамыту, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру, тең құқылы әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, халықаралық қатынастардағы тату көршілестік принциптерін бекіту, халықаралық қауіпсіздіктің толық қамтитын жүйесін дәйекті түрде қалыптастыру, өңірде бейбітшілікті сақтау және нығайту тұрғысынан қарастырады [5].

Сонымен қатар әрбір мемлекет халық саны мен өмір сүру сапасының деңгейін арттыруды мақсат тұтатыны заңды. Әлемдегі үш елдің бірі ретінде қандастар атамекенге жинақталды әлі жалғасын табуда. Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу кезең-кезеңімен белгілі өлшемдермен жүзеге асырылатын болады. 2024 жылға қарай тұрғындар санын өсіру, әсіресе табиғи өсім көрсеткішін арттыру, өмір сүрудің орташа ұзақтығын 73 жасқа дейін жеткізу, туу көрсеткішін 1000 адамға шаққанда өмірге келетін кемінде 22 адам деңгейінде ұстап тұру талап етіледі. Ерлердің және әйелдердің өмір сүруінің орташа ұзақтығындағы алшақтық қазіргі 11 жылдан 7,5 жылға азаюға тиіс. Экономикалық өсім процесінде экологиялық талаптарды арттыру, қоршаған ортаға антропогендік қысымды азайту қажет. Ол үшін 2024 жылға қарай экологиялық орнықтылық индексі ең кем дегенде, қазіргі ең жақсы көрсеткіш - 88 баллға дейін жеткізу қажет [6]. Сол арқылы өмір сүру сапасының көрсеткіштерін ең жоғары әлемдік көрсеткіштерге жақындатып, айтарлықтай жақсарту қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Қазақстанда адами құндылықтар табысының негізі – жаңа қазақстандық патриотизм рухы. Көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда қоғамдық келісімді сақтау және нығайту басты міндет. Бұл мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүрудің айнымас шарты. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі [7].

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келуімен, кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатып отырған кезеңді алға тарта, Елбасы 2014 жылы әлемнің бүкіл архитектурасының да өзгеріске ұшыру мүмкіндігін болжаған-ды [8]. Мұндай жағдайда сын-қатерлерден тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетінін бүгінгі күн айшықтап отыр. Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, экономикалық саясатты қайта саралау жүргізілуде. Заманауи кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) әлемде этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін қалыптастырудағы бірегей үлгісі.

Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді. 2015 жылы ҚХА-ның құрылғанына 20 жыл толуына орай, Мемлекет

басшысының Жарлығымен 2015 жыл – Қазақстан халқы ассамблеясының жылы деп жарияланды. Елбасы Қазақстан Республикасының өркендеуіне қызмет атқаратын айтулы жеті міндетке Ассамблеяның тікелей қатысуы тиіс екендігін жария етті [9]. Атап айтқанда, бүкілқазақстандық мәдениетті дамыту, халық бірлігін ортақ рухани-моральдық құндылықтар негізінде нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, мемлекеттік тілді және үштілді білім беруді одан әрі дамыту, транспарентті мемлекеттегі қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, этносаралық қатынастарды саясиландыруға жол бермеу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы серіктестермен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары.

Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін Ассамблеяның маңызды бағыты – қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту, елде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау және басқа [10]. Ассамблея мүшелері қашан да Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін жақтап келеді. Олар достыққа – дәнекер, қоғамдық бастауларға – ұйытқы болуда. Ұлт көшбасшысының «қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауызбіршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды балаларымыздың балаларына аманат етіп өтуге тиіспіз!» деген сөзі бекітілген қағидатқа айналып отыр. Бұл адами құндылықтарды сақтау кілті ретінде, келесі ұрпақтарға тиесілі тарихи жады болып қала бермек.

Құндызай ЕРІМБЕТОВА, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. Астана, 11 қыркүйек 2015 жыл. //http: www.akorda.kz. 550
2. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың VIII Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі. 22 мамыр 2015//http: www.akorda.kz.220472
3. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Шетелдік инвесторлар кеңесінің 28-ші жалпы отырысында сөйлеген сөзі. 4 маусым 2015. //http://www.akorda.kz. 2205
4. Терроризм – белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін жасалатын іс-әрекеттер стратегиясы //http: bnews.kz.news.196009[25.02.2015]
5. Қазақстан Республикасының әскери доктринасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы N 299 Жарлығы. http://adilet.zan.kzU070000299[5.03.2015]

6. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу Тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы №216 Жарлығы. [http: adilet.zan.kz.060000216](http://adilet.zan.kz.060000216) [5.03.2015]
7. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан. 14 желтоқсан 2012 жыл.// <http://www.akorda.kz/1357813742>[3.03.2015]
8. Нұрлы жол – болашаққа бастау жол. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан. 11 қараша 2014 жыл // <http://www.akorda.kz/218342>[15.12.2014]
9. <http://www.akorda.kz/1352453861>
10. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы №70-IV Заңы. [http: adilet.zan.kz.kaz.Z080000070](http://adilet.zan.kz.kaz.Z080000070)